





МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ



№12 (182), ЖЕЛТОҚСАН, 2024



ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР, ҚАДІРЛІ МҰНАЙШЫЛАР!

Сіздерді Жаңа 2025 жылмен шын жүректен құттықтаймыз!

2024 жыл біз үшін мерейлі жыл болды - Қазақстан мұнайының 125 жылдығы мен Қаламқас кенорнының 45 жылдық мерекелері кең көлемді атап өтілді. Мерекелер аясында компаниямызда көтеген мәдени-көпшілік, спорттық, қайырымдылық іс-шаралар ұйымдас-тырылды.

Өткен жылдың басында құрылғалы бері Қаламқас кенорнынан 175 млн.тонна, ал Жетібай кенорнынан 110 млн.тонна мұнай игерілгені туралы ақжолтай хабар мерейлі жылды одан сайын нұрландыра түскендей болды десек артық айтқандық болмас. Бұл біз үшін жай ғана арифметикалық сандар емес, бұл сандардың артында өңіріміздің мұнайын алғашқы ашушылардың, мұнайшы ардагерлеріміздің, бүгінгі әріптестеріміздің қажырлы еңбегі мен ерлігі, олардың жұдырықтай жұмылған бірлігі мен кәсіби шеберлігі жатыр.

Компанияның басты байлығы – адам ресурсы. Сондықтан экономикалық міндеттерді шешумен қатар компания қызметкерлерді қолдау бойынша өзінің әлеуметтік бағдарламаларының тиімділігін арттыруды жалғастыруда. Қызметкерлеріміздің қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру, кәсіби шеберліктерін көтеру, денсаулығын сақтау, әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету сияқты шаралар біздің басым міндеттеріміз болып қала бермек.

Халқымыздың ең орныққан қағидаттарының бірі – үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету. Осы ұлтымыздың асыл ұстанымына сәйкес компаниямыздың еңбек ардагерлерімен де, жас мамандармен де тығыз байланыста жұмыс жасаудың маңызы зор деп есептейміз.

Өресі биік, айтар ақылы мен жастарға көрсетер өмірлік тәжірибелі жолы бар аға-апаларымызбен жүйелі түрде кездесіп тұру, Қоғам ардагерлер кеңесінің жасақтаған іс-шаралар жоспарына қолдау көрсету бүгінде жақсы дәстүрге айналды. Компаниямыздың қалыптасуына, дамуына өздерінің жанкешті ерен еңбегімен өлшеусіз үлесін қосқан аға буын мұнайшыларымызға айтар алғысымыз шексіз.

Ел болашағы білімді де талантты жастар қолында екені ақиқат, сондықтан жас мамандарымызға әрқашан қолдау білдіруді парызымыз деп есептейміз. Жас мамандардың жағдайына ерекше көңіл аударып, бұл саладағы өзекті мәселелерді зерделеп, жіті назарда ұстауға тырысамыз. Жас мамандарды біліктілігін арттыру үшін оқуға жіберу, өнерлі жас мұнайшыларды қолдау, жастарымыздың бұқаралық спортпен айналысуларына, мәдениет деңгейлерін көтеруге жағдай жасау сияқты толып жатқан шаралар атқарылуда.

Жас мамандарымыз Қоғам қызметкерлері аға буынның мұрагері болуға, компанияның дамуына өз күштері мен білімдерін жұмсай отырып, өндірістің озық шеберлерінің даңқты жолын абыроймен жалғастырады деп сенеміз.

2024 жыл біздің компания үшін табысты жыл болды – көп жұмыс атқарылды, жоспарды артығымен орындап, еңбек ұжымының еңбекқорлығының, кәсіби шеберлігінің, жоғары біліктілігінің арқасында жоғары нәтижелерге қол жеткіздік.

Құрметті әріптестер, Жаңа 2025 жыл құтты, берекелі болсын! Сіздерге Жаңа жылда жағымды жаңалықтар мен телегей-теңіз табыс тілейміз! Әрбір игі істеріңіз бен жаңа бастамаларыңызға сәттілік серік болып, отбасыларыңызға баянды бақыт пен бақ-береке келсін!

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасы



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

АРДАГЕРЛЕР ҚОҒАМЫНЫҢ БҮГІНІ МЕН ЕРТЕҢІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қоғам Басқарма мүшелерінің ұрпақтың ұлы мұраты жолында талмай еңбек еткен, өресі биік, айтар ақылы мен жастарға көрсетер өмірлік тәжірибелі жолы бар ағалармен жүйелі түрде кездесіп тұруы жақсы үрдіске айналды.

19 желтоқсанда «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының бас офисінде Бас директордың бірінші орынбасары Болат Сейтмағанбетовтың

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Ардагерлер Кеңесі мүшелерімен кездесуі өтті.

Кездесуге қатысқан Қоғам зейнеткерлері Тұрарбек Ахметов, Орал Қылышбаев, Тілектес Ізтілеуов, Асылбек Дербісін және Қыдырғали Демегенов ағаларымыз Болат Сүлейменұлына Ардагерлер Кеңесінің 2024 жылы атқарған жұмыстары мен 2025 жылға белгілеген жоспарлары туралы баяндап берді. Өз кезегінде Болат Сүлейменұлы Ардагерлер Кеңесінің мүшелеріне игілікті жұмыстары үшін алғысын айтып, жоспарланған шаралардың Қоғам қызметтерімен бірлестікте жоғары деңгейде өткізілетініне сенімін білдірді.



ТАҒАЙЫНДАУ



20 желтоқсанда «Маңғыстау-мұнайгаз» акционерлік қоғамы Бас директорының бірінші орынбасары Болат Сүлейменұлы Сейтмағанбетов жаңадан тағайындалған «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының бастығын еңбек ұжымына таныстырды.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасының бұйрығымен «Жетібаймұнайгаз» ӨБ бастығы қызметіне Бақзат Құрбанбайұлы Сансызбаев тағайындалды.

Бақзат Құрбанбайұлы Сансызбаев 09.04.1977 жылы туған.

Ол 1999 жылы Ш.Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университетін "Мұнай және газ кен орындарын игеру және пайдалану" мамандығы бойынша бітірген. 2016 жылы - Ресей Федерациясы Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясында, Мәскеу қаласында, менеджмент - халықаралық бизнес мамандығы бойынша MBA (іскерлік әкімшілендіру магистрі) бағдарламасы бойынша білім алған.

Бақзат Құрбанбайұлы еңбек жолын 2000 жылы "Жетібаймұнайгаз" ӨБ ЛТЖТУ-дегі МКЖ слесарь-жөндеушісі болып бастаған.

2001 – 2003 жылдары "Жетібаймұнайгаз" ӨБ №1-ші мұнай және газ өндіру цехында – мұнай және газ өндіру операторы;

2003 - 2005 жылдары "Жетібаймұнайгаз" ӨБ №1-ші мұнай және газ өндіру цехында – мұнай, газ және конденсат өндіру мастері;

2005 жылдың наурыз-желтоқсан айларында "Жетібаймұнайгаз" ӨБ ОИТҚ ауысым бастығы;

2005 - 2007 жылдары "Жетібаймұнайгаз" ӨБ №2-ші мұнай және газ өндіру цехы бастығының орынбасары;

2007 - 2010 жылдары "Жетібаймұнайгаз" ӨБ №1-ші мұнай және газ өндіру цехының бастығы;

2010 – 2012 жылдары "Жетібаймұнайгаз" ӨБ ӨТБ бастығының орынбасары;

2012 – 2014 жылдары "Жетібаймұнайгаз" ӨБ ОИТҚ бастығы;

2014 - 2016 жылдары "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ "Жетібаймұнайгаз" ӨБ бастығының бірінші орынбасары (бас инженер);

2017 жылдың сәуір-тамыз айларында "Қаз-ФЗЖИМұнайгаз" ЖШС мұнай өндіру техникасы мен технологиясы қызметінің бас маманы;

2017 – 2019 жылдары "Қаз-ФЗЖИМұнайгаз" ЖШС мұнай өндіру техникасы мен технологиясы қызметінің сарапшысы;

2019 жылдың тамыз-желтоқсан айларында "Қаз-ФЗЖИМұнайгаз" ҚМГИ ЖШС филиалының мұнай өндіру техникасы мен технологиясы қызметінің басшысы;

2019 - 2024 жылдары "Қаз-ФЗЖИМұнайгаз" ҚМГИ ЖШС филиалы мұнай және газ өндіру техникасы, технологиялары департаментінің директоры;

2024 жылдың шілде-желтоқсан айларында "Қаз-МұнайГаз" ҰК АҚ мұнай және газ өндіру басқармасының жетекші инженері.

Сансызбаев Бақзат Құрбанбайұлы 2024 жылдың 20-шы желтоқсанында "Жетібаймұнайгаз" ӨБ бастығы лауазымына тағайындалды.

СЕРТИФИКАТЫ ISO: ПРИЗНАНИЕ ВЫСОКОГО УРОВНЯ УПРАВЛЕНИЯ

9 декабря руководству Общества в торжественной обстановке были вручены сертификаты международного образца на соответствие стандартов ISO 9001:2015 «Система менеджмента качества», ISO 45001:2018 «Система менеджмента охраны здоровья и обеспечения безопасности труда», ISO 14001:2015 «Система экологического менеджмента», которые были присвоены АО «Мангистаумұнайгаз» по результатам внешнего сертификационного аудита, проведенного QACS International.

Необходимо отметить, что начиная с 2017 года АО «Мангистаумұнайгаз», стремясь, соответствовать лучшим мировым практикам внедрил интегрированную систему менеджмента в области качества, экологического менеджмента, менеджмента охраны здоровья и безопасности труда и на протяжении 7-и лет успешно проходит подтверждение на их соответствие перед сертификационным обществом.

Очередной сертификационный аудит в 2024 году был проведен международной компанией QACS International, являющейся лидером в области сертификации. Благодаря оперативной работе и высокому профессионализму сотрудников подразделений Общества АО «Мангистаумұнайгаз» присвоены международные сертификаты соответствия аккредитации IAS (International Accreditation Service, USA).

Также отмечаем, что сертификация на соответствие вышеупомянутым стандартам уже много лет является общепринятым подтверждением стабильности Общества и качества производимой ею продукции. И наличие сертификатов ISO 9001, ISO



14001, ISO 45001 – это важное свидетельство надежности Общества, а также заявление об ответственной позиции Общества по отношению к окружающей среде и здоровью сотрудников и выпуску качественной продукции.

ҚАЗМҰНАЙГАЗ ЖАС МАМАНДАРЫ САЛА АРДАГЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Маңғыстау облысындағы еншілес ұйымдарының қызметкерлері сала ардагерлері Ләззат Қиынов және Мұрат Құрбанбаевпен кездесті.

Басқосуға «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Қаражан-басмұнай» АҚ, «Қазақ газ өңдеу зауыты» ЖШС, «Caspi Bitum БК»

ЖШС, «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК ЖШС және өзге де сервис қызметін көрсететін еншілес мекемелердің өкілдері қатысты.

Кездесу барысында ардагер мұнайшылар жас мамандармен өмірлік тәжірибелерімен бөлісіп, отандық мұнай-газ өнеркәсібінің қалыптасу жолын әңгімеледі.

Іс-шара өндірісте жүрген еңбек адамдарын дәріптеу, еңбек

мамандықтарын насихаттау мақсатында ұйымдастырылды. Еске сала кетсек, Мемлекет басшысы 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялады.

www.kmg.kz



АРДАГЕРЛЕР АБЫРОЙЫН АСҚАҚТАТҚАН БАСТАМА

2023 жылдың 14 сәуірінде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жанынан Еңбек ардагерлері қоғамдық бірлестігі құрылды. Бұл маңызды бастама – мұнай саласының ардагерлерін әлеуметтік қолдауға және олардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған айрықша қадам.

Бірлестіктің негізін қалап, оның бастамашысы болған – мұнай саласында ұзақ жылдар талмай еңбек еткен тәжірибелі маман, құрметті ардагер Тұрарбек Ахметов Халиоллаұлы. Ол «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасында 40 жылдан астам уақыт қызмет атқарып, мұнай өнеркәсібінің дамуына елеулі үлес қосты. Өз ісіне адал және жауапты тұлға ретінде ол ардагерлердің құқықтары мен әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған игі істердің ұйытқысы болды. Ахметов мырзаның

ұсынысы – ардагерлердің өмір сүру сапасын арттырып, олардың мүддесін қорғауға арналған жаңа кезеңнің бастауы болды.

Ардагерлердің үнін жеткізген хат

2022 жылдың қыркүйегінде Тұрарбек Ахметов ардагерлердің басын қосып, олардың мүддесін қорғайтын хат дайындауға бастамашы болды. Бұл хатқа 187 зейнеткер қол қойып, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшылығына,

сондай-ақ облыс әкімдігіне жолданды. Хатта зейнеткерлердің әлеуметтік төлемдерін арттыру, мерекелік сыйақылар көлемін көбейту сынды өзекті мәселелер көтерілді. Бастамашылардың табанды еңбегі босқа кетпей, 2023 жылы зейнеткерлердің өтініштері ескеріліп, ұжымдық келісім-шартқа бірқатар өзгерістер енгізілді. Атап айтқанда:

Наурыз мейрамына 20 МРП көлемінде сыйақы тағайындалды;

8 Наурыз мерекесіне әйелдерге бұрынғы 30 мың теңге орнына 20 МРП көлемінде сыйақы белгіленді;

Мұнайшылар күні мен Тәуелсіздік күні қарсаңында қосымша сыйақылар төленді;

Ай сайын төленетін әлеуметтік төлемдер 4 МРП-ға дейін ұлғайтылды.

Бұл оң өзгерістер үшін ардагерлер ұйымы «Маңғыстаумұнайгаз» басшылығына алғыс білдірді.

Әлеуметтік қолдаудың айқын көрінісі

Бірлестік өз жұмысын бастағалы бері көптеген іс-шараға мұрындық болды. Соның ішінде – Жетібай кен орнында алғашқы мұнай көзін ашқан Социалистік Еңбек Ері Салық Расқалиұлына арналған ескерткіш-тақтаның орнатылуы. Бұл шараға «Маңғыстаумұнайгаз» басшылығы мен Салық Расқалиұлының ұрпақтары қатысып, тарихи тұлғаның еңбегі дәріптелді. Сонымен қатар, бірлестік мүшелері науқас ардагерлерге дәрі-дәрмек алуға қаржылай көмек көрсетіп, тұрмыстық жағдайы төмен зейнеткерлерге қолдау ұйымдастырды. 2023 жылы 25 мұқтаж зейнеткерге материалдық көмек берілді. Қарттар күніне орай, 500 ардагерге арналған үлкен мерекелік кеш ұйымдастырылып, оларға ерекше құрмет көрсетілді. Шара барысында Қазақ мұнайының 125 жылдығына арналған төсбелгілер табысталып, сый-сияпат жасалды.

Жетістіктер мен алдағы мақсаттар

Еңбек ардагерлері қоғамдық бірлестігі зейнеткерлердің мүддесін қорғау мен әлеуметтік жағдайын жақсарту жолында аянбай еңбек етуде. Ұйым алға қойған жоспарларын кезең-кезеңімен жүзеге асырып келеді. Бұл бірлестіктің қызметі – ардагерлерге деген құрмет пен қамқорлықтың жарқын үлгісі. Ардагерлерге көрсетілген қамқорлық – олардың өлшеусіз еңбегінің лайықты бағасы.



ЖАҢА ЖЫЛ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



Сіздерді Жаңа 2025 жылмен құттықтаймын!

Жаңа жыл қашанда әр адамның жүрегіне жаңа үміттер мен аппақ армандар ұялататын, ғажайып қиялдарға қол создыратын ең сүйікті мереке.

Ескі жылды шығарып сала отырып, көптеген бағыттар бойынша маңызды жетістіктерге қол жеткізгенімізді атап айтуға болады, біздің мамандарымыздың жемісті еңбегінің арқасында біз алға қойған міндеттерді ойдағыдай атқардық. Маңғыстау облысы «Теңіз суын тұщыту зауытын салу» жобасы бойынша Тоқымақ жеріне коммуникациялар тарту жөніндегі жұмыстарды аяқтап, сондай-ақ «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ және «Өзенмұнайгаз» АҚ кен орындарында күзет-өрт дабылы жүйесін монтаждау бойынша өндірістік көлемді, бұған қосымша БӨАЖА құралдары мен жабдықтарына қызмет көрсету және тапсырыс берушілердің және бөгде ұйымдар объектілерінде телекоммуникация жүйелері бойынша монтаждау жұмыстары бойынша міндеттер орындалды.

Аталып өткен жаңа технологияларды және де қосымша жұмыстарды игере отырып, МТК ЖШС үлкен нәтижеге мұнайшылардың кәсіби, жауапты және аянбай еңбектенуі арқасында ғана жетті, мұнай өндіру жоспарлы түрде арта бастады.

Құрметті мұнайшылар, Сіздерге жаңа жылда үлкен қуанышты жаңалықтар, арман-тілектеріңіздің орындалуына шын көңілден тілектеспін!

Отбастарыңызға амандық, дендеріңізге саулық, жұмыстарыңызға толағай табыс, береке-бірлік тілеймін!

2025 жылы біздің алдымызда бұданда зор міндеттер тұр, және ортақ күш-жігермен ол мақсаттарға қол жеткізетінімізге сенеміз. Біздер міндетті түрде жұмысшылар еңбек жағдайын жақсарту және өндіріс мәдениетін арттыру бойынша жұмыстарды жалғастырамыз.

Жаңа жыл – біздің асыға күтетін айрықша мереке. «Өткен жылға өкпе жоқ, жаңа жылдан үміт көп» дейді халқымыз. Өтіп бара жатырған 2024 жыл жетістіктер мен жеңістерге толы жыл болды. Бұл біздің сөзіміз бен ісіміздің бір арнада тоғысқаны, ең бастысы бейбітшілік пен татулықтың арқасы деп білемін.

Жаңа 2025 жыл, біздің компаниямыз үшін бұдан да жарқын боларына сенім мол. Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еліміздің баянды болашағы, игілігі жолындағы еңбектеріңізге үлкен жетістіктер, мол табыстар тілеймін. Алдағы жыл көптеген мүмкіндіктер мен идеяларды және ұмытылмас ерекше сәттер сыйласын! Сіздерге келешекте де Қазақстанның өсіп-өркендеп дамуына қосқан үлестеріңізге және де кен игеру саласындағы абыройлы істеріңіздің ырысы мен берекесін көруіңізге тілектестік білдіремін. Дендеріңіздің сау болып, жанұяларыңызға тұрақтылық пен жаңа белестерге жетулеріңізге тілектеспін!

Нуртаза Ибрашев
«Мұнайтелеком» ЖШС Бас директоры



«Oil Construction Company» ЖШС жері байлыққа толы, төріне құт дарыған қазыналы түбектің түлеуіне үлес қосып, мұнай-газ саласының инфрақұрылымын дамыту бағытында жұмыс атқарады. Кенорындарды игеру мұнай тасымалдайтын құбыр, ғимарат, қоймаларсыз жүзеге аспайтыны анық. Осы ауқымды жүкті біздің серіктестік пен ондағы әрбір қызметкер сезініп, арқалап келеді.

2024 жыл компания үшін тәжірибеге толы жыл болып, бір орында тұрмайтын нарық пен заманның қатал талабына бейімделе отырып, мұнай-газ кәсіпорындары нысандарының құрылысы мен қайта құрылымдау, жаңғыртуының күрделілігі әртүрлі көптеген жоба жүзеге асырылған. «Oil Construction Company» ЖШС өзінің күш-жігерін мұнай-газ саласындағы тың жобаларды жүзеге асыруға, ұжымның кәсіби деңгейін арттыруға бағыттап, мақсатына нық қадам басқан кәсіпорын ретінде тағы бір мәрте біліктілігін дәлелдей алғанын баса айтқан жөн.

Алдағы 2025 жылы да жаңа мақсаттарға қарай қадам басамыз деп сенемін. Біз бұл жылы бірлесіп жұмыс істеп, ауқымды жобаларды жүзеге асырып, одан әрі дамуға, жоғары нәтижелерге қол жеткізуге дайынбыз. 2025 жыл баршаңызға денсаулық, отбасыңызға амандық, кәсіби өміріңізге жаңа табыс пен жарқын жеңіс әкелсін. Татулық пен тұрақтылықты ту етіп, болашақ жоспарларымызды сәтті жүзеге асырайық!

Жыл жақсылығымен келсін!

Дәурен Мұратбай
«Oil Construction Company» ЖШС Бас директоры



Құрметті әріптестер, мұнай-газ саласының еңбеккерлері!

Сіздерді Жаңа 2025 жылмен шын жүректен құттықтаймын!

Мұнай-газ саласы еліміздің экономикалық дамуында ерекше орын алады. Бұл саладағы табыстарымыз – әрқайсы-ңыздың қажырлы еңбегіңіздің, кәсіпқой-

лық пен адал қызметіңіздің жемісі. Сіздердің өз ісіңізге деген жауапкершіліктеріңіз, тынымсыз ізденістеріңіз бен табандылықтарыңыз біздің мекеменің жетістіктерін еселей түсуде.

Алдағы жылда біз технологиялық жаңашылдықтарды енгізіп, өндірісіміздің әлеуетін арттыру, жаңа жобаларды жүзеге асыру және ұжымымыздың кәсіби деңгейін одан әрі жетілдіру бағытында нақты қадамдар жасаймыз. Бұл тек ортақ күш-жігер мен ынтымақтастық арқылы мүмкін болмақ.

Жаңа жыл – жаңа бастамалар мен жарқын мүмкіндіктердің уақыты. Сіздерге және отбасыларыңызға мықты денсаулық, береке мен бірлік, амандық пен мол табыс тілеймін. Әр шаңырақта шаттық, ал еңбегімізде табыс пен өркендеу серік болсын! Келер жылда бірлігіміз артып, алға қойған мақсаттарымызды бірге жүзеге асырайық. Жаңа жыл құтты болсын, әріптестер!

Ізгі тілекпен,

Канат Уткелбаев
«Oil Services Company» ЖШС Бас директорының міндетін атқарушы



Құрметті «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының ұжымы!

Сіздерді жаңа 2025 жылмен ақ көңілімізбен және шынайы ықыласымызбен құттықтаймыз! Жаңа жылда жағымды жаңалықтар мен толағай табыстар тілейміз! Әрбір игі істеріңізге, жаңа бастамаларыңызға сәттілік серік болып, отбасыларыңызда әрдайым баянды бақыт пен бақ-береке орнасын!

Алдымызда үлкен жоспарлар мен межелі мақсаттар күтіп тұр. Оларға қол жеткізу үшін жақсы денсаулық керек деп айтсақ, артық айтқандық болмайтыны сөзсіз. Бұл іргелі шаруаны сіз бен біз бірігіп жүріп қана атқара аламыз. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл», барлығымыз бас қоссақ көптеген асуларды бағындыра аламыз.

Қоғам қызметкерлері мен олардың жанұя мүшелерінің денсаулығын нығайтуға бағытталған медициналық қызметтеріміздің қолжетімділігін арттырып, олардың сапасын жақсарту – біздің басты мақсатымыз.

Ізгі ниетпен,

Д.А. Бекиева
«Neiron-med» ЖШС Ақтау қ. филиалының бас дәрігері

ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ – ҰЖЫМ МҮШЕЛЕРІНЕ БЕРІЛГЕН БАҒА



Тәуелсіз қазақ елінің энергетикалық даму саласында табысты жаңалықтарға қол жеткізген, аймақтың мұнай – газ кәсіпорындарының көшбасшысы болған «Маңғыстау-мұнайгаз» компаниясының өндірістік қызметтерін жауапкершілікпен орындайтын мердігерлік компаниялардың алдыңғы сапында «Маңғыстау-энергомұнай» ЖШС тұрғандығын мақтанышпен айтамыз. «Төртеу түгел болса төбедегі келеді» дегендей,

ауызбіршілік пен ынтымақтықты ту етіп, заманауи даму жолын таңдаған энергетиктер ұжымы 2024 жылды да өндірістік травматизмсіз аяқтап шықты! Бұл ұжымның ең басты жетістіктерінің бірі.

Табиғаты қатал кенорындардағы электр жүйелері мен қосалқы электр станцияларының жұмыс сенімділігін арттыруды қамтамасыз ететін серіктестіктің өндірістік іс-шаралары 2024 жыл ішінде де тапсырыс берушілердің талаптарына сай жоспарланды, ең бастысы еңбек адамы факторына шығын келтірілмей, қызмет көрсету сапалы да табысты орындалды.

Жұмысты ұйымдастырудың жаңа заманауи сатыларын тиімді қолданатын «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС өз қызметін халықаралық 4 (төрт) түрлі стандарт (ISO) талаптарына сай ұйымдастырып, «МЭМ» серіктестігі Американдық мұнай институты тарапынан ұйымдастырылған «API Spec Q2» аудит сертификациялық тексерістің бірінші және екінші кезеңдерінде жоғары нәтижелер көрсетті. Сертификаттау аудитінің қорытынды нәтижесі серіктестігіміздің имиджін көтеру жолындағы маңызды қадам болды, яғни 2024 жылда «Маңғыстауэнергомұнай»

ЖШС Қазақстан Республикасындағы мұнай – газ өндірісінде қызмет көрсету сапасы жөнінде ең алғаш орынды иеленген ұжым атағына ие болды.

Бүгінгі таңда шөлейтті Маңғыстау елді мекендерінің халқы үшін су тапшылығы өлкеміздегі маңызды мәселелердің бірі. Аймақтағы Жаңаөзен қаласындағы халық санының артуы, жаңа кәсіпорын орындарының ашылуын ескере отырып, Республика деңгейінде, Президент Қасым – Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасымен Қарақия ауданына қарасты Тоқмақ жерінде тәулігіне 50 мың текше метр су тұщытатын зауыт құрылысын және жаңа зауыттың инфрақұрылымын салып, оны іске қосу қызметін «ҚазМұнайГаз» басшылығы аймақтағы бірнеше компанияларға тапсырған болатын.

Консорциум мүшесі ретінде компаниямызға ұзындығы 83 км болатын 110 кВ әуе желісін және 2 (екі) 110/10кВ (қуаты 16мВА, 2,5мВА) қосалқы станцияларын салу міндеті жүктелді. Аталған маңыздылығы зор, жауапкершілігі басым шараға уақыттың тығыздылығы ескеріліп, қысқа мерзімде ұйымдастыру шаралары, жобаға сәйкес қажетті материалдармен жабдықтау

және т.б. қызметтерді шебер ұйымдастыру арқасында 2024 жыл аяғында зауыттың электрмен жабдықтау жұмыстары негізінен толық атқарылды.

Барша өңір жұртшылығын, облыстың энергетиктер қауымын және «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС барлық ұжым мүшелерін келе жатқан жаңа 2025 жылмен құттықтаймын. Баршаңыздың дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге толағай табыс тілеймін.

Жаңа 2025 жыл өңір жұртшылығына жаңа жақсылықтар, игі бастамалар әкелсін! «Елі еріне, ері еліне» дегендей, тәуелсіз еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Косбаев Н.Р.
«Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС Бас директоры



Құрметті әріптестер!

Сіздерді Жаңа жылмен шын жүректен құттықтаймын!

Көңілге қуаныш, жүрекке шаттық сыйлайтын Жаңа Жыл баршаңызға жақсылығымен келсін! Келер жыл аяулы армандарыңыз орындалар, ырысы мол, берекелі жыл болсын!

Тәуелсіз еліміз шежіресінің тағы бір жылы тарих койнауына жылжыды, босағадан аттағалы тұрған жаңа жылдан да күтер үмітіміз көп. Өткен жыл саяси-экономикалық, әлеуметтік-рухани салаларда күрделі бетбұрыстар жасалған ерекше жыл болды. Қазақ елі бүгінде дамудың өзгеше бір сатысына аяқ басып, Жаңа Әділетті Қазақстан құруға бағыт алдық.

Біздің ұйымның ең негізгі қағидаларының бірі – жолаушыларды қауіпсіз тасымалдау. Осы мақсатпен Біздің ұйымның қызметкерлері бұл қағиданы 100 пайызға орындап шықты. Ауқымды жобалардың бірі бұл – автопаркті жаңартуды жалғастыру. Жоспар бойынша 4 жаңа техника сатып алынып, 11 техника жылдың соңында күтілуде. Қазіргі таңда жаңа техникалар қатарға қосылып, Тапсырыс берушілерге қызмет атқарып жүр. «ОТК» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы Қаламқас және Жетбай кен орындарында қызмет көрсететін ұйымдарға 100 данадан жоғары КамАЗ-53504, Shacman, Dongfeng, XCMG, ГАЗ, борттық жартылай тіркеме, Урал автобустары және т.б. осындай арнайы техникалар сатып алынды, автопарктерін жаңарту жұмыстары жалғасын табуда.

Алдағы жылы Маңғыстау технологиялық көлік басқармасының автобазасын кеңейту мен жаңарту бойынша ауқымды жобаларды жүзеге асыруды жоспарлап отырмыз.

Жаңа 2025 жылы серіктестіктің ынтымақтастығы нығайып, бірлескен жұмысымыз одан әрі қарай жандана береді деп үміттенеміз. Барша халық асыға күтетін осы мерекеде әр шаңыраққа ырыс пен ынтымақ ұялап, бақ-береке дарысын деп тілеймін. Айдан аман, жылдан есен болып, еліміздің өрісі кеңейіп, табысы таси берсін! Жаңа жыл құтты болсын!

Ізгі ниетпен,
С.К. Ускенов

«Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС Бас директоры



Құрметті «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының ұжымы, ардақты мұнайшылар!

«Caspian Food» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ұжымы сіздерді Жаңа 2025 жылмен шын жүректен құттықтайды!

Жаңа жыл өткен жылдың қорытындысын жасап, атқарылған істі саралайтын кезең екендігі белгілі. 2024 жыл «Маңғыстау-мұнайгаз» акционерлік қоғамының мұнайшылары үшін берекелі де жемісті болды. Кен игеру саласындағы абыройлы істеріңіздің ырысы мен берекесін көрулеріңізге тілектестік білдіреміз.

Алдымыздағы Жаңа жылда да жағымды жаңалықтар мен телегей табыс мол болсын! Әрбір игі істер мен жаңа бастамаларыңызға сәттілік серік болып, отбасыларыңызға баянды бақыт пен бақ-береке келсін! Жаңа жыл мерекелі, берекелі болып, мерейіріңіз үстем, беделдеріңіз биік, абыройларыңыз асқақ болуына, тек жақсы межелерге жете берулеріңізге тілектеспіз!

«Caspian Food» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ұжымы да 2024 жылы жақсы табыстарға жетіп, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ алдындағы қабылдаған міндеттерін абыроймен орындау жолында, болашақта да барлық күш-жігерін жұмсай береді.

Жаңа жыл бәріміз үшін жақсы өзгерістерге, қуанышты кездесулерге, бақытты оқиғаларға толы болсын. Жаңа жыл әрбір шаңыраққа бейбіт өмір, тыныштық және мол жақсылықтар әкелсін!

Мерекелік ізгі ниетпен,

С.Ж. Исина
«Caspian Food» ЖШС Қоғамдық тамақтандыру және әлеуметтік қызмет көрсету басқармасының директоры



ЖІГЕРЛІ ЖАСТАРЫМЫЗ - ЖАРҚЫН БОЛАШАҚТЫҢ КЕПІЛІ



ЖАС
МАМАНДАР КЕҢЕСІ
«МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АҚ

**19-20-шы желтоқсан күндері
Ақтау қаласында
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ
жас мамандарының кезекті
форумы өтті.**

Форумның негізгі тақырыбы – «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ дамуына жас мамандардың қосқан үлесі және Компанияның жас мамандар кеңесі жұмысының перспективалық бағыттары туралы» болды.

Жиын аясында жастар қозғалысын одан әрі дамыту, жас көшбасшылар пулын қалыптастыру, жас қызметкерлердің Компанияның стратегиялық қызметіне белсенді қатысуы сынды мәселелер талқыланды.

Жастар басқосуының бірінші күні, бағдарламаға сәйкес, жас мамандарға қаржылық сауаттылық бойынша білім беру тренингі ұйымдастырылды.

Тренингті - 30 жылдық тәжірибесі бар кәсіпкер, инвестор, «Adamant» ресурстық орталығының негізін қалаушы, сонымен қатар Erickson College International халықаралық академиясы коучинг сертификатының иегері және Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының бизнес-тренері Шолпан Түсіпбекова жүргізді.

Форум кешкісін Компания зияткерлер командалары арасындағы «MMG QUIZ-2024» турнирінің ақтық шешуші ойынымен жалғасты.

ЖМГ, ҚМГ және Орталық аппараттың білімпаздары жарысқан Гранд-финалға 13 команда қатысты.

Басты жүлделер үшін тартысты өткен ойын нәтижесінде бірінші орынды «OZIMIZ» командасы жеңіп алды, күміс медальді «8 бит» білімпаздары иеленсе, жеңімпаздар тұғырының үшінші сатысына «Снаб-женцы» командасы көтерілді.

Ал білімпаздар турнирінің ең жоғары наградасы - «MMG QUIZ-2024» ойындары маусымының ЧЕМПИОНЫ атағы «OZIMIZ» командасына бұйырды!

Келесі күні «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Жас мамандар кеңесінің форумы жас мамандарға ұжымдағы қарым-қатынасты жақсарту, қызметкерлердің



коммуникативті дағдыларын дамыту және жұмыс мотивациясын арттыру мақсатында ұйымдастырылған топ құру іс-шарасымен жалғасты.

Жеті турлық тимбилдинг қызықты өтті, сәтті ұйымдастырылған сайыстар жас мамандардың көңілдерін көтеріп, бір серпітіп тастады.

Түстен кейін форумның ең маңызды шаралары өткізілді: біріншісі – «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы Бас директорының бірінші орынбасары Болат Сүлейменұлы Сейтмағанбетовпен кездесу болса, екіншісі - Қоғам Жас мамандар кеңесінің төрағасы Ержан Есполовтың жылдық есебін тыңдау.

Жастар жиынын жүргізуге шақырылған спикер, белгілі телерадиожүргізуші Мереке Мұсаев Болат Сүлейменұлымен диалог түрінде шеберлікпен өткізген кездесуден жас мамандар Компания Басқарма мүшесінің өмір жолы, компанияның өндірістік стратегиясы, жастардың болашағы, корпоративтік мәдениет, қызметкерлердің білімін жетілдіру, жаңа технологиялар т.с.с. мәселелерге қатысты көптеген ақпараттар мен мәліметтер алды.

Кезек сұрақ-жауапқа ұласты. Жас мамандардың қойған түрлі тақыраптағы сұрақтарына Болат Сүлейменұлы егжей-тегжейлі жауап берді.



Жас мамандар жиынындағы Бас директордың бірінші орынбасарымен кездесу марапаттаумен жалғасты. Кездесу қонақтары, Маңғыстау облысының Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының басшысы Мұқаш Оралбай «Маңғыстау мақтанышы» арнайы номинациясының жеңімпазы» Дипломын, ал «Риза – Ана» қоғамдық қорының директоры Айжамал Тілемісова қоғамдық қордың Алғыс хатын Болат Сүлейменұлына табыстай отырып, «Маңғыстау-

мұнайгаз» АҚ Жас мамандар кеңесінің өңіріміздің игілігі үшін атқарған жұмыстарына ризашылықтарын білдірді.

Форумның соңында Жас мамандар кеңесінің төрағасы Ержан Есполов жиналғандарға 2024 жылдың жоспарына сәйкес атқарылған істер жөнінде баяндама жасап, жас мамандарды Кеңестің 2025 жылға арналған іс-шаралар жоспарымен таныстырды.



ҚУАНЫШ СЫЙЛАҒАН КҮН

Қарақия және Маңғыстау аудандарының 180 баласына арналған жаңа жылдық шырша

Жаңа жыл қарсаңында "Маңғыстау-мұнайгаз" АҚ және Аманат партиясының бастауыш ұйымы екі ауданнан келген 180 балаға арналған қайырымдылық шыршасын ұйымдастырды.

Көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың балаларына жаңа жылдық ертегі сыйланып, керемет сыйлықтар табысталды. Компаниямыздың өндірістік аумақтары орналасқан Қарақия және Маңғыстау аудандарынан келген кішкентай қонақтарға бұл күн ұзақ уақыт есте қалатыны анық.

"Маңғыстаумұнайгаз" құрамында Аманат партиясының 1500-ден астам мүшесі бар. Осындай шараларды ұйымдастыру – біздің жылдар бойғы қалыптасқан игі дәстүріміз. Біз үшін балалардың күлкісі мен бақытты жүздері – ең үлкен марапат.

Мұндай шаралар баршамызға жақсылықтың жүректен басталатынын еске салады. Балаларға қуаныш пен үміт сыйлау – біздің басты миссиямыз.

Жаңа жыл жақсылық жасаудың жаңа мүмкіндіктерін сыйласын!

Ерекше балаларға арналған жаңа жылдық дәстүр

Ақтау қаласындағы көру және есту қабілеті бұзылған балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернатта жыл сайын жаңа жыл қарсаңында ерекше шара өткізіледі. Бұл дәстүрге айналған игі іс балаларға қуаныш сыйлап, мерекелік көңіл-күймен қуаттандырады. Биыл да бұл игі дәстүр өз жалғасын тапты, бастауыш сынып оқушылары үшін нағыз жаңа жылдық ертегі ұйымдастырылды.

Шара барысында балалар өз өнерлерін көрсетіп, тапқақтар оқып, ерекше белсенділік танытты. Мектептің жаңа жылдық шыршасы жанында суретке түсу мен түрлі ойындар мерекенің әсерлілігін арттырды. Бұл шараның әр сәті балалар үшін қуанышқа толы болды.

Мерекелік шара аясында "Аманат" партиясының "Маңғыстаумұнайгаз" бастауыш партия ұйымы атынан балаларға жаңа жылдық тәтті сыйлықтар табысталды. Бұл сыйлықтар балалардың жүздерінде шаттық ұялатып, шараны нағыз мереке етті.

"Аманат" партиясының белсенді мүшелері бұл мектепті ерекше қамқорлыққа алған. Жыл сайынғы дәстүрге айналған бұл шара партия мүшелерінің әлеуметтік жауапкершілікке деген жоғары үлгісін көрсетіп келеді. "Аманаттықтар" балаларға қолдау көрсетуді, оларға қуаныш сыйлауды өздерінің басты міндеттерінің бірі деп санайды.

Осындай игі істердің арқасында жаңа жыл қарсаңындағы мейірімділік пен жылулық ерекше мағынаға ие болады. Жаңа жыл балаларға тек сыйлықтар ғана емес, өмірге деген сенім мен шаттық сыйлайтын мереке екенін тағы бір дәлелдейді.



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

ДУБІРЛІ ДОДАДАН –
СҮБЕЛІ ЖҮЛДЕ!

16-желтоқсан күні Ақтау қаласын-дағы «Бесшоқы» спорт кешенінде өңіріміздегі мұнай өндіру және сервистік кәсіпорындардың қыздар командалары арасында волейболдан «MMG CUP – 2024» турнирі өтті.

Жарысқа «Маңғыстаумұнайгаз», «Өзенмұнайгаз», «Қаражанбасмұнай», «ОТК» және «Нейрон Мед» командалары қатысты.

Турнир ережесіне сәйкес командалар екі топқа бөлініп ойнады. «А» тобында «Өзенмұнайгаз» командасы бірінші орын, «Маңғыстаумұнайгаз» екінші орын, «Қаражанбасмұнай» үшінші орын алды. «Б» тобында – «ОТК» командасы бірінші, ал «Нейрон Мед» командасы екінші орынды иеленді.

Өз топтарында бірінші және екінші орын алған командалар жартылай финалға өтті. Жартылай финалда «Маңғыстаумұнайгаз» волейболшы қыздары «ОТК» командасын, «Өзенмұнайгаз» спортшылары «Нейрон Мед» командасын жеңіп финалға жолдама алды, сәйкесінше, «ОТК» мен «Нейрон Мед» командалары үшінші орын үшін жарысқа түсті.

Үшінші орын үшін тартысты өткен ойында «ОТК» командасы өз шебер-

ліктерінің «Нейрон Мед» командасынан жоғары екенін дәлелдеп (2-0) жүлделі үшінші орынды жеңіп алды.

Турнирдің негізгі матчында «Маңғыстаумұнайгаз» бен «Өзенмұнайгаз» кездесті. Алтын медальдар үшін ойын қызықты өтті, алайда «Өзенмұнайгаз» ойыншыларының өнері басым болды, олар екі партияда да жеңіске жетіп чемпион атанды!

Екінші орын «Маңғыстаумұнайгаз» қыздар командасының еншісіне тиді.

Тартысты өткен турнир нәтижесінде келесі ойыншылар жеке марапаттарға ие болды:

- Үздік ойыншы - Өтесина Ақкенже («ММГ»);
- Үздік байланыстырушы - Тайжанова Гульзия («ӨМГ»);
- Үздік либеро Жидебаева Айнұр («ОТК»).

"MMG CUP" –
БИЛЬЯРД БӘЙГЕСІ

21 желтоқсанда Ақтау қаласындағы «Джентльмен» клубында «Манғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлері арасында бильярд ойынынан "MMG CUP" турнирі ұйымдастырылды. Турнир бильярдтың "Мәскеу пирамидасы" ережесімен өтті. Нағыз ерлер сайысында 24 қатысушы бақ сынады. Бильярд ойыны әр ойыншы тапқырлық танытатын, доптардың қимылын, ойын стратегиясын алдын ала ойлай білу қабілетін көрсететін интеллектуалды ойын болып саналады, ойыншыдан ептілік пен шеберлікті қажет етеді. Мұның барлығы турнир барысында жақсы байқалды. Әрбір қатысушыда парасатты ақыл, қимылдарды дәл үйлестіру, дәл көздеу, сондай-ақ физика мен геометрия заңдарын білу сияқты қасиеттер болды.

Турнир ойындары тартысты өтті, қарсыластар бір-біріне оңайлықпен берілмеді, ойын ұзаққа созылды. Кешкісін бильярд сайысы өз мәресіне жетті. Нәтижесінде бірінші орынды



"ЖМГ" ӨБ ГжКОИЖТБ 1-ші санатты геологы Қайрат Ходжаев иеленді, тұғырдың екінші сатысына "ЖМГ" ӨБ №1 МГӨК Мұнай-газ өндіру шебері Тимур Галиев көтерілді, ал қола медальді "ҚМГ" ӨБ КМДЖӨЦ шебері Еркебұлан Бекиев жеңіп алды.

Жеңімпаздарды құттықтаймыз!



ЖАҢА ЖЫЛҒА ЖАҢА ЖЕҢІСТЕРМЕН

Жаңа жыл қарсаңында Қаламқас және Жетібай кен орындарында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ кәсіподақ комитетінің ұйымдастыруымен шағын футбол мен волейболдан жарыс өтті.

Қаламқас кен орнында ҚҚҰЦ командасы волейбол жарыстарының чемпионы атанды, 2-МГӨЦ жұмыскерлері күміс медальдарды, үшінші орынды 4-МГӨЦ мұнайшылары жеңіп алды.

- Волейболдан турнирдің үздік ойыншысы - С. Ыхласов (ҚҚҰЦ);

- Үздік байланыстырушы - С. Нұртілеуов (4-МГӨЦ);

- Үздік либеро - М.Жолдыбаев (2-МГӨЦ).

Мини-футболдан жарыста 2-МГӨЦ құрамасы жеңімпаз атанды, екінші орынды ПЖПЖЦ спортшылары иеленді, тұғырдың үшінші сатысына МДАЦ мұнайшылары көтерілді.

- Мини-футболдан турнирдің үздік шабуылшысы - Ә. Аралбаев (ПЖПЖЦ);
- Үздік қорғаушы - Ж. Мадеш (2-МГӨЦ);
- Үздік қақпашы - Е. Утепов (МДАЦ).




Жетібай кен орнында мини-футболдан жарыстың чемпионы ретінде ҚҚҰЦ командасы атанды, екінші орынды 1-МГӨЦ мұнайшылары жеңіп алды, ал 2-МГӨЦ жұмыскерлеріне қола медальдар берілді.

Волейбол турнирінде жеңісті 1-МГӨЦ командасы атап өтті, 3-МГӨЦ

мұнайшыларына күміс медальдар берілді, ӘБП спортшылары жүлделі үштікті жапты.

Жарыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін құттықтаймыз және 2025 жылы жаңа спорттық жеңістер тілейміз!



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ
Меншік иесі - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: - С. Галидуллин
- Л.Жолдыбаева
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз:
130000, Ақтау қаласы
6 ш.а., № 1 үй,
тел:
212-035, 211-861
211-885, 212-194
Газет айына 1 рет
шығады.
Тегін таратылады

Газет ҚР
Мәдениет және
ақпарат
министрлігінде
есепке
қойылып,
№ 9675 - Г
күәлігі берілген

➤ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
➤ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
➤ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.
Индексі: 64265

«Атис» ЖШС баспаханасында басылды.
Ақтау қаласы,
«Дукат» ТҮ, 17 ш.а.,
1 үй, 3 кеңсе
тел: 8(7292)525 500